

БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

ЦИКЛОГРАММА Бір аптаға (03-05-қаңтар 2017ж.) «Күншуақ»ересек тобы

ЖАРИЯЛАНДЫ
08.01.2018

СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/25670/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

ЦИКЛОГРАММА Бір аптаға (03-05-қаңтар 2017ж.) «Күншуақ»ересек тобы

Өтпелі тақырып «Табиғат әлемі» Тақырыпша «Айналамыздағы өсімдіктер»

Күн тәртібі	Уақыты	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу. Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)	8:30-8:50	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.				
Таңертеңгі гимнастика.	8:50 - 9:00	Жаттығулар кешені				
Таңғы ас	9:00 - 9:30	Астарың дәмді болсын!				

Ұйымдастырыл
ған оқу қызметтері. 9:30
9:55

10:05-10:30

1.Сауат ашу негіздері.

Тақырыбы:Шдыбысы мен әрпі. Сөйлем.

Мақсаты:Сөйлем туралы түсінік беру. Сөздерге дыбыстық талдау жасауға, қатаң және уяң дауыссыздарды ажыратуға үйретуді жалғастыру. Берілген дыбысқа сөз ойлап табуды үйрету.

Әдіс-тәсілдері:

сұрақ-жауап, әңгімелеу, ойын, түсіндіру.

1.Өтілген дыбыстарды қайталау.

2.Жаңа дыбыспен таныстыру.

ш — дауыссыз дыбыс. Сондықтан көк түспен белгіленеді. Кәне, бірге «ш» деп қайталайық. «ш» дыбысының дұрыс айтылу артикуляциясын жетілдіру. «Шана» сөзіне дыбыстық талдау жасау. Шана сөзіне сөйлем құрау.

Сергіту сәті.

4. Үлестірмелі карточка лармен жұмыс.

-Берілген сөздерді карточкалармен белгілеу.

5. Дидактикалық ойын: «Кім зерек?» ойыны.

Дауысты дыбыстарды қызыл түсті үйге, дауыссыз

дыбыстарды көк түсті үйге

сызық арқылы қос.

Қорытынды жасау.

2.Ойна да ойла.

(вариативтік)

Тақырыбы: «Қандай пішін шықты?»

Мақсаты: Таяқшалардан таныс геометриялық пішіндер құрастыра білу. Ойлау қабілеттерін жетілдіру.

Әдіс-тәсілдері: көрсету, үйрету.

Көрнекілік: Әрбір балаға 10 данадан санағыш таяқшалары

Барысы: Тәрбиеші балаларға үш таяқша алып, олардан пішін құрастыруды ұсынады. Қандай пішін шықты? Енді төрт таяқша алып, пішін құрастыру ұсынылады.

Қандай пішін шықты? Тәрбиеші тағы да бір таяқша алып, оны шаршының, төртбұрыштың үстіне қоюды ұсынады. Қандай пішін шықты? Сергіту сәті.

Ойын: «Дәл осындай пішінді тап»

Қорытындылау.

<p>10:40-11:05</p>	<p>3.Дене шынықтыру.</p> <p>Тақырыбы:Қыс келді (далада өтеді)</p> <p>Мақсаты: 1. Далада орындалатын жаттығу түрлерін үйрету.2. Негізгі қасиеттерді-шашпаңдық , ептілікті дамыту.3.Керіліп тартылған жіптердің астынан өтуге жаттықтыру;екі қолмен допты лақтырып,оны қағып алуға үйрету.</p> <p>Колданылатын көрнекі құралдар:әрбір балаға берілетін доп,баған ,жіп,шаналар.</p> <p>1.Далада заттарсыз орындалатын ЖДЖ.</p> <p>А) «жылынып жатырмыз» жаттығуы:екі аяқты сәл алшақтау қойып,қолды екі жаққа созу.Қолды шынтақтан бүгіп,бір уақытта оң қолмен сол иықты,сол қолмен оң иықты құшақтап: «оx»депайту.Қолды екі жаққа созу.2-3рет, қолды төмен түсіру.</p> <p>Ә) «ағаштар тербеледі» жаттығуы:аяқты иық деңгейінде қойып,қолды көтеріп тұру Денемен оңға және солға иілу. 3-4 рет</p> <p>Б) «қарлы боран» жаттығуы:аяқты иық деңгейінде қойып,қолды артта ұстап тұру.Төмениліп,қолды сол өкшеге тигізу.Жаттығуды орындау барысында «у-у-у» деген дыбыс шығару.б.к.оралу.</p> <p>В) «аяқты жылыт» жаттығуы:шалқадан жатып,қолды екі жаңға қою.Бір уақытта аяқты жоғары көтеру,қолды еденнен алмай басты көтеру. Аяқты үрлеу бастапқы қалыпқа оралу.</p> <p>2.Жүру.баяу жүру,аяқтарын тізеден жоғары көтеріп жүру.</p> <p>3.Керіліп тартылған жіптердің астынан өту.</p> <p>-Балалар тағы да жүреміз,жол кең,кімнің қасына тұрғыларың келеді,тура беріңдер,-деп педагог балаларды өздерінің қалаулары бойынша бірнеше топқа бөледі.Педагог оларды еденнен біріншісі-25-30 см биіктікте,ал екіншісі бірінші жіптің дәл үстінде-78-80 см биіктікте керіліп тартылған екі жіптің жанына алып келеді.</p> <p>4.Допты екі қолмен лақтыру. «қар кесектері» жаттығуы: Балаларды екі-екіден бір-біріне қарама-қарсы тұрғызып,допты екі қолмен лақтыруды көрсетеді.</p> <p>Қорытындылау.</p> <p>4.Музыка.</p> <p>Тақырыбы: Ән үйрету: «Бауырсақ» 2 шумақ</p> <p>Ә.Бейсеуов</p> <p>Мақсаты: Нанды қкәстерлеуге,ас атасы нан екенін,нанның адам өміріндегі ең маңызды екенін,нанның дастарханға қалай келетінін айтып оған көптеген адамдар еңбек ететінін түсіндіру.Дауыс жаттығуын орындау арқылы балалардың дауыстарын қалыпқа келтіру.Өнді тыңдап,әнің ырғағын айыру.</p> <p>Дауыс жаттығуы: «Баспалдақ»</p> <p>Ән тыңдату: «Ақ бидай»</p> <p>Би: Жұптасу биі</p> <p>Ырғақты ойын: «Тату-тәтті жанұя»</p> <p>Мақсаты: Балаларды татулыққа,достыққа үйрету. Ойын шарты: Өуен қосылғанда балаларды бір бірімен жұптастырып ойнату.</p>	<p>3.Дене шынықтыру. (әуенмен)Тақырыбы: Далада шанамен сырғанау.</p> <p>Мақсаты: 1.Таза ауада ойналатын қысқы ойындармен таныстыру.2.Негізгі қасиеттерді-шашпаңдық , ептілікті дамыту. 3.Шанамен сырғанауға жаттықтыру;қарды жұмарлап лақтыруға жаттықтыру;жүгіруді жүрумен,жүруді жүгірумен алмастыруға үйрету.</p> <p>Колданылатын көрнекі құралдар:3 вәлейбол добы,4 шана,жалауша.</p> <p>1.Шеңбер бойы тұру.</p> <p>2.Шеңберді айнала жүру.</p> <p>3.Қарды жұмарлап,қар кесектерін жасап,оларды лақтырып жүгіру.Қауіпсіздік ережесін сақтайды.</p> <p>1.Қозғалыста орындалатын ЖДЖ. -әрбір адым басқан сайын колдарын жоғары көтеру және бір уақытта артқа жіберу.</p> <p>-дәл солай,тек алға иіліп жүру.</p> <p>-қолды екі жаққа созып,алдыға 4 рет,артқа 4 рет айналдырып жүру.</p> <p>-тізені жоғары көтеріп жүру.</p> <p>-жүгіруді жүрумен,жүруді жүгірумен алмастыру.</p> <p>2.«Қармен дәл тигіз»қимыл-қозғалыс ойыны.</p> <p>Шарты:балаларды екі топқа бөліп,5-10 м қашықтықта бір-біріне қарама-қарсы тұрғызады.Алаңның ортасына сызық сызылады да,үш вәлейбол добы қойылады.Осы доптарды қар кесектерімен атқылайды.Үш допты да орнынан жылжитқан команда жеңіске жетеді.</p> <p>3.Шанамен жарысу.</p> <p>Шарты:45-60 м арақашықтықты үшке бөліп,әр бөлінген жердің шекарасына үш бірдей жалауша қойылады.Бірінші топтың біреуі шанаға отырады.Педагогтың белгісі бойынша ойыншылар отырған баланы бірінші жалаушаға дейін сүйреп барады да,сол жерде екінші жалаушаға дейін сүйрейді де,үшінші баланы шанаға отырғызып,оны үшінші жалаушаға дейін,яғни мәреге дейін сүйреп барады.Мәреге бірінші болып жеткен үштік жеңіске жетеді.Қорытындылау.</p>
<p>11:15-11:40</p>	<p>4.Дене шынықтыру.</p>	
<p>«Табиғат аясында» Серуенге дайындық</p>	<p>11:40-11:50</p>	

Серуенге шығу. 11:50-12:30

«Ас — адамның арқауы»
Түскі ас. 12.30-13.00 Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс; әдеп ережесі.

«Тәтті ұйқы»
Ұйқыға дайындық, ұйықтау. 13:00-15:20 Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату.

«Ұйқымызды ашайық»
Ұйқыдан ояну. Шынықтыру шаралары. 15:20 - 15:45

«Астарыңыз дәмді болсын!»
Бесін ас. 15:45 - 16:10 Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс.

Баланың даму картасына сәйкес жеке жұмыс. 16:10-16:40

Серуенге дайындық 16:40-16:50 Киіну: серуенге шығу.

Серуен «Келесі кездескенше!»
18.00 Серуенге қызығушылық туғызу. Балалармен жеке әңгімелесу: «Анаң мен әкеңнің есімдерін ата», «Кімнің үйінде мысық бар?» және т.б.
Балалар, ата-аналар мен қарым-қатынас Балалардың үйге қайтуы.

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.